

Жайсаңбай ауылдық округіне қарасты елді мекендер жерінің жер-шаруашылық жайғастыру мақсатында шекарасы мен көлеміне өзгертулер енгізу туралы

Бірлескен Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 256 қаулысы және Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 62 шешімі. Ақтөбе облысының Үрғыз аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 23 қаңтарда N 3-5-88 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауында және мәтінде "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы әкімдігінің 20.09.2016 № 183 қаулысымен және Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 20.09.2016 № 42 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 "Жер кодексінің" 108 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы әкімдігінің 20.09.2016 № 183 қаулысымен және Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 20.09.2016 № 42 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. "Ақтөбежер ғылыми өндірістік орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны дайындаған жобасы негізінде Жайсаңбай ауылдық округіне қарасты елді мекендер жерінің жер – шаруашылық жайғастыру мақсатында шекарасы мен көлеміне өзгертулер N 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін, осы шешімге, N 2 қосымша жалғансын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Бірлескен Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық әкімдігінің 2009.12.25 № 244 қаулысымен және Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2009.12.25 № 111 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз)

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

М. Дуанбеков

И.М. Сәрсенбаев

желтоқсандағы N 256 қаулысы мен Ырғыз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 62 шешіміне N 1 қосымша

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Бірлескен Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімдігінің 2009.12.25 № 244 қаулысымен және Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2009.12.25 № 111 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз)

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 256 қаулысы мен Ырғыз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 62 шешіміне N 2 қосымша

Жайсаңбай ауылдық округінің елді мекендерінің қарамағына қосымша берілген жер көлемдері

р/с	Округ, елді мекен атауы	Бұрын берілген жер, га	Босалқы жерден қосымша берілген жер, га
1	Жайсаңбай	8474	4920
	Барлығы	8474	4920

кестенің жалғасы

р/с	Округ, елді мекен атауы	Оның ішінде		Барлық жер көлемі, га
		Жайылым, га	Басқалары, га	
1	Жайсаңбай	4487,9	432,1	13394
	Барлығы	4487	432,1	13394

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 256 қаулысы мен Ырғыз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 62 шешіміне N 3 қосымша

ЖОБА

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 256 қаулысы мен Ырғыз аудандық мәслихатының N 62 шешімімен қаралып белгіленді

РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын қараңыз